



## Қаламгерге ескерткіш тақта ашылды

Ел арасында «Рубин» атаплатын сауда орынмен белгілі 9 қабатты түрғын үйдегі ескерткіш тақталар тағы біреуімен толықты. Бұған дейін мұнда орналасқан, онірімізден шыққан белгілі қаламгерлер Сейіт КЕҢЖЕАХМЕТҰЛЫ мен Ахметхан БАЙЖАНДАРДЫҢ құрметіне қойылған қос тақтаның касына тағы бір дарынды тұлға Сабыржан ШҮКІРҰЛЫНЫҢ есімі жазылды.

Белгілі журналист Сабыржан ШҮКІРҰЛЫ тұрган үйге марқұмның есімі жазылған ескерткіш тақта орнату шарасы арнайы рухани жынын ретінде отті. Шарага қатысқан қала акімінің орынбасары Тубекбай ӘУВӘКІРОВ : - Мақтан тұтар жерлесіміз, қабырғалы қаламгер Сабыржан ШҮКІРҰЛЫНА арналған ескерткіш тақтаниң ашылуы жазушының тұган күні және алдагы жылы болатын 80 жылдық мерейтойы қарсанында жүзеге асып отыр. "Елім деген ерін - елі үмітпайды" деген. Олай болса, артына өшпейтүүли із қалдырган асыл азаматының жарқын бейнесі халқының журегінде мәнгілік сақтала бермек , - деп жүрекжарды лебізін жеткізді.

Ескерткіш тақтани Ақса-

лық қаласының құрметті азаматы, ҚР Мәдениет қайраткері Жұмагали ӘМІРБЕК пен Жанкелдин ауданы және Арқалық қаласының құрметті азаматы Какимкан ҚӘРВОЗОВ салтанатты түрде ашты. Алыс - жақыннан келген ақын - жазушылар, замандастары, дос - жарапдары, ағайын - туыстары, шақыртері естеліктерімен белісті.

Сабыржан ШҮКІРҰЛЫ - Қазақ ұлттық университеттерінің журналистика факультетін, Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Жангелдин аудандық "Социалистік Қазақстан", "Жаңа емір"- «Новая жизнь» газеттерінде, Комсомол мен партияда түрлі жауапты қызметтер атқарған. «Социалистік Қазақстан» газетінің Торғай облысындағы меншікті тілшісі, болім меншерушісі, Бас редактордың орынбасары, «Сұхбат» және «Позиция» хабаршыларының Бас редакторы, «Ана тілі» үлт газетінде «Тіл және этнография» болімінің редакторы болып нағижелі енбегімен танылған. «Алаш» зияншылары жайлы жазған еңбектері бір төбе.

«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызыметкери», «Қазақстан журналистер одагының», «Қазақстан жазушылар одагының мүшесі» деген атактары бар. Ең бастысы халқының жоғын бүтіндескен қарымды қаламгер ретінде ел жадында сақталған тұлға.

«АХ»